

Оқу сауаттылығы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін түсушілердің оқу сауаттылығы деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Адам және оның қоршаған ортасы. Табиғат	01	Отбасы және демографиялық өзгеріс. Отбасылық өмір құндылықтары
		02	Достық. Қызығушылықтар. Хобби
		03	Мамандық. Жұмыс
		04	Спорт және салауатты өмір салты. Саяхат. Демалыс
		05	Табиғат құбылыстары. Ауа райы мен климат
		06	Жан-жануарлар, жәндіктер, құстар және өсімдіктер әлемі
02	Білім және ғылым. Тарих. Мәдени мұра	07	Білім. Ғылым
		08	Тұлғалар. Атақты адамдар өмірі
		09	Өнер
		10	Техникалық прогресс
03	Мемлекеттер мен қалалар. Әлеуметтік қарым-қатынас	11	Мемлекеттер. Географиялық орналасуы. Экономикасы
		12	Астаналар мен қалалар. Архитектура мен құрылыс
		13	Бұқаралық ақпарат құралдары туралы
		14	Адамзаттың жаһандық проблемалары

Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест оқу сауаттылығы бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

Мәтін №	Мәтіндегі сөз саны	Тапсырмалар саны
№1 мәтін	60-100 сөз	2
№2 мәтін	100-150 сөз	3
№3 мәтін	150-350 сөз	5

Тест тапсырмалары ақпараттарды түсінуді, мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіндердің негізгі ойы мен түрлерін және стильдерін анықтауды, әртүрлі дереккөздерден ақпарат шығарып алуды тексеруге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: базалық деңгейде (А) – 40%, орташа деңгейде (В) – 40%, жоғары деңгейде (С) – 20%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 20 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты мәтіндерді оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.